

«Арқалық қаласындағы
№ 2 облыстық
әмбебап ғылыми
кітапханасы» КММ

КГУ «Областная
универсальная научная
библиотека № 2 в
г. Аркалыке»



БЕКІТЕМІН
«Арқалық қаласындағы №2 ОӘФК» КММ
директоры Р. Борибаев К. Б. Борибаева
«5» 01 20 12 ж.

**Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми
әмбебап кітапханасы мемлекеттік мекемесі қызметін пайдалану Ережесі**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

- 1.1. Осы ережелер Қазақстан Республикасы Мәдениет Министрлігінің 1993 жылдың 29 сәуірінде бекіткен «Қазақстан Республикасы мәдениет жүйесінің Кітапханалар қызметін пайдалану жөніндегі Ережелер» негізінде әзірленді.
- 1.2. «Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Арқалық қаласының тұрғындарына кітапхана қызметінің мәселелері бойынша мамандандырылған мәдени, білім беру, зерттеу, ақпараттық және әдістемелік орталық болып табылады. Бұдан өзге кітапхана корын құрайтын кинофотофоно құжаттары және басқа да материалдармен қоса мерзімдік басылымдарды мен кітаптарды қоғамдық пайдалануды ұйымдастырады.
- 1.3. Кітапхана қорлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады және мемлекет қамкорлығында болады.
- 1.4. Кітапхана кала тұрғындарының рухани қажеттілігін өтеу мақсатында өз қорындағы дүниелердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
- 1.5. Кітапхана қызметі оқырмандар үшін ақысыз түрде атқарылады. Қызметтің жекелеген түрлері және қосымша қызметтер ақылы болуы мүмкін. Ақы қөлемі белгілі бір тәртіппен анықталады.

2.ОҚЫРМАНДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ.

- 2.1. Арқалық қаласының азаматтары үшін олардың мекен өтетін орнына, оқуына, демалысы мен жұмысына, сондай – ак өндіріс орны, ұйым, мекеме екендігіне қарамастан кітапхана қызметін пайдалану барлығына бірдей жүргізіледі.
- 2.2. Оқырмандар:
 - баспа шығармаларын және басқа материалдарды уақытша пайдалану үйде немесе оку залында, сондай-ак басқа кітапханалардағы кітапханааралық абонеметтер бойынша жүзеге асырылады.
 - кітапхана көрсететін аныктама – библиографиялық, ақпараттық қызметтерді және өзге де ақылы және ақысыз қызметтерді пайдалана алады.
 - оқырманның кітапханалық қоғамдық Кенесіне сайлану және сайлаушы болу мүмкіндігі бар.
 - кітапхана ұйымдастырған іс – шараларға қатысып, сондай – ак клуб жұмыстарына және басқа да оқырман бірлестіктеріне ат салыса алады.

2.3. Арқалық қаласында уақытша болған (демалуға, оқу орнына түсуге, жұмысқа және өзге де түрлі себептермен келген) азаматтар оқу залында кітапхана қорларын пайдалану құқы бар.

2.4. 15-21 жас аралығындағы оқырмандар кітапхананың барлық бөлімінің қызметін, ал мектепке дейінгі балалар мен 1-9 сынып аралығындағы оқушылар балалар әдебиеті бөлімінің қызметін пайдаланады.

2.5. Мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатысқан оқырмандарға және еңбек мүгедектеріне кезексіз кітапханалық қызмет көрсетіледі. Қажеттілік туған жағдайда оқырмандардың осы категориясына төлем мен басылымды айырбастау тікелей олардың үйлерінде жүргізілуі мүмкін.

2.6. Отбасының барлық мүшелері кітапхана қызметін пайдаланғанда, отбасылық формуляр ашылуы мүмкін.

2.7. Азаматтар кітапханаға жеке куәлігі, үй кітапшасы арқылы тіркеледі, тұрғылықты орны, тегі (фамилиясы) өзгерген жағдайда міндетті турде кітапханашыларға хабарлау қажет. 16 жасқа дейінгі балалар, олардың ата-аналары немесе қамқорлыққа алған адамдардың табыс еткен кепілдік (кепілдік хат) арқылы ата – аналарының немесе қамкоршыларының жеке куәліктері мен үй кітапшасы арқылы тіркеле алады. Оқу орындарының немесе емдеу мекемелерінің бақылауда тұрған балалар аталған мекемелердің өтініші арқылы тіркелу мүмкіндіктері бар.

2.8. Кітапханаға тіркелмес бұрын оқырман кітапхана қызметін пайдалану ережесімен танысып, міндетtelген талаптарды орындау үшін оқырман формулярына қол қояды.

2.9. Оқырмандардың баспасөз шығармалары мен өзге материалдары үйге 15 күндей мерзіммен алу мүмкіндігі бар. Жоғарғы сұранысқа ие басқа шығармалары 5 күн мерзімнен артық берілмейді. Жалғыз дана анықтама басылымдары, сирек және бағалы шығармалар, сондай – ақ кітапханааралық абонементтен алғынған басылымдар үйге берілмейді, оларды тек қана оқу залында пайдалану көзделеді.

2.10. Оқырман баспа шығармаларын және өзге де материалдардың пайдалану мерзімін ұзартып алу құқы бар. Егер оқырмандар тарағынан сұраныс болмаса, 2 рет қатарынан алуға болады. 2 реттен артық пайдалануға рұқсат етілмейді.

2.11. Баспасөз шығармалары мен өзге материалдың абонементтерде берілу саны – 5, оқу залы үшін берілу мүмкіндігі шектелмейді.

2.12. Оқырмандар міндетті:

- Оқырмандар жыл сайын қайта тіркелуден өтуге;
- Кітапхана қорынан және кітапханааралық абонементтен пайдалануға алған баспасөз шығармалары мен өзге материалдарға ұқыпты қарауға, жыртпауға, бүкпеуге, белгі салмауға міндетті;
- Баспа шығармаларын кітапханадан алуға болмайды. Егер басылым реті оқырман формулярына тіркелмеген жағдайда өз мерзімде қайтарылуы керек;
- Көрмелер мен ашық сөрелердегі баспасөз шығармаларымен өзге материалдардың реттілігін бұзуға болмайды;
- Каталогтардан карточка мен картотекаларды суырып алуға болмайды;
- Баспа шығармалары мен өзге материалдарды пайдаланбас бұрын мұқият тексеріп алып, пайдалану қажет; егер қандай да бір ақау табылса, осы баспасөз шығармалары мен өзге материалдарға қатысты белгі жасайтын кітапхана қызметкерлеріне дереу көрсету керек.

- Мектепке дейінгі жастағы балалардан басқа кітапхана қызметін пайдаланатын оқырмандар аборнементтен және оқу залынан алған әр дана үшін қол қояды, кітапханаши оқырман пайдаланып болған соң, өз қолын қойып өшіреді.

2.13. Кітапхана қорына зиян келтірген тұлғалар Қазақстан Республикасына Сәйкес материалдық қылмыстық және өзге де жауаптылыққа тартылады.

2.14. Азаматтар кітапхана қорындағы баспасөз шығармалары мен өзге де материалдарды жоғалтқан, бұлдірген не болмаса зиян келтірген жағдайда жоғалған материалдың дәл сол түріндегі немесе кітапхана соған тең деп тапқан басылымдар және баспасөз шығармалары мен өзге де материалдармен және олардың көшірмелерімен алмастыруға болады, ал бұлардың орын толтыру мүмкін болмаған он есе көлемде төлемін өтейді. Жоғалған не бүлінген баспасөз шығармалары және өзге де материалдардың құны кітапхана есеп құжаттарының нұсқаған бағасы бойынша, кітапхана қорында жүргізілген қайта бағалау санағымен анықталады. Кітапхана қорынан жоғалған не зиян келтірілген баспасөз шығармалары және өзге де материалдар кәмелетке толғандардың қолымен жасалса, жоғарыда аталған мәселелер бойынша жауаптылықты олардың ата - аналары және бақылауға алған оқу, тәрбие, емдік мекемелер алады. Кәмелетке толмаған оқырмандар кітапхана қорына келтірілген зияны үшін жауаптылықты шәкіртақысы немесе шығынды өтей алатындей табысы бар жағдайдаға міндеттіне алады.

2.15. Оқырмандар, өндіріс орындары, мекемелер, ұйымдар кітапхана қызметін пайдалану ережесін бұзғаны үшін кітапхана қызметін пайдалану мүмкіндігі байдан 1 жыл мерзім уақыт аралығына дейін шектеледі. Жекелеген оқырмандардың ережелерді бұзғандығы туралы материалдар жұмыс, оқу орындарына немесе халықтық соттардың қарауына жіберіледі.

3. ОҚЫРМАНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ КІТАПХАНА АТҚАРАТЫН МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ.

3.1. Кітапхана күшімен жасалатын іс-шараның барлық түрімен тұрғындарды құлақтандырып отыру:

- Арқалықта мекен ететін, оқитын, жұмыс атқаратын қала жұртшылығын кітапханаға тарту үшін шаралар қолдану.
- Оқырмандардың қорды пайдалануына мүмкіндік туғызу, сұраныстарын толық қанағаттандыру.
- Оқырмандармен катынас жасау тұрлерін жан-жақты қарастырып, анықтама – ақпараттық библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсетуді және әдбиеттерді насиҳаттауды жүзеге асыру.
- Оқырмандардың қызығушылығы мен сұраныстарына сәйкестендіріп кітапхана қорын сапалы толықтыру үшін оқуларына зерделеу жұмысын және талдау жүргізу.
- Оқырмандарға қызмет көрсетудің жоғары мәдениеттілігін қалыптастыру. Олардың қажет еткен басылымы мен басқа материалдарды таңдауына кеңес беру, әңгімелесу арқылы көмек көрсету.
- Анықтама – библиографиялық ақпарат, кітап көрмесін пайдалануы жөнінде түсінік беру, жаңадан түскен басылымдар жайлы мағлұмат беріп, түрлі іс – шарага араластыру.

- Оқырманға қажет баспасөз шығармалары кітапхана болмаған жағдайда басқа кітапханалардағы кітапханааралық абонементтерден сұрастыру қажет.
- Оқырмандар пайдалануға алған баспасөз шығармалары мен өзге де материалдардың уақытында қайтарылуын жүйелі түрде қадағалау.

Егер басылымдарды пайдалану 15 күн мерзімнен әрі бір айдан асып кетсе, оқырмандарға пошта немесе телефон арқылы 5 күн мерзім уақытта қайтарылуын ескертіп хабарлайды. Егер баспа шығармалары мен өзге де материалдар белгіленген мерзімде кітапханаға қайтарылмаса, оларды бір ай көлемінде мазмұны мен бағасын тең деп табылған басылыммен айырбас күйінде орнын толтыру талап етіледі.

Ескертіліп, оқырман қайтармаған жағдайда баспасөз шығармалары мен өзге материалдарды белгіленген тәртіппен 10 есе мөлшердегі накты құны (қайта бағалау санағымен қоса) өндіріліп алынады. Берілген басылымдар уақытында қайтарылмаған жағдайда оқырманнан күн сайынға 1 теңге мөлшердегі өсіммен қайтарылады.

3.2. Егер оқырман жоғалтқан баспасөз шығармалары мен өзге материалдың құнына сәйкестендіріп тағайындалған баға көлемі төленбесе, пайдалануға алынған басылымдар уақытында қайтарылмаса, КР Үкіметінің 1999 жылдың 12 мамырында қабылданған Қаулысына сәйкес нарық бағасына сәйкес кітаптардың құнын 10 есе мөлшерде өндіріп алу үшін зан әктілерін куәландыратын органдарға жүгінеді.

3.3. Зан әктілерін куаландыратын органдарының куәландыру негізінде оқырмандардан өндірілген жинақтар белгілі бір жүйемен кітапхана қорына аударылады. Оқырман өз еркімен жоғалған материалдардың 10 есе мөлшердегі құнын өз еркімен төлеуіне болады. Белгіленген жинақ тікелей кітапхана есеп бөліміне енгізіледі. Эр қабылданған жинаққа кіріс ордерін құрады, ал оқырманға түбіртек беріледі.

3.4. Шығынды өтеуге келіп түскен қаржы кітапхана қорының сақталуын қамтамасыз ету үшін, оны толықтыруға, басылымдарды жөндеуге, жаңарту және басқа да шараларды жүзеге асыру мақсатына жұмсалады.